

Қарашева Ж.Т.
Азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу,
еңбек құқығы кафедрасының
аға оқытушысы

Халықаралық құқықты оқыту әдістемелерінің ерекшеліктері

Халықаралық құқық нормалары халықаралық қатынастармен бірге пайда болады. Халықаралық қатынастарды халықаралық құқық реттейді және сонымен бірге оның нормаларына ықпал етеді. Мемлекеттер арасындағы сындарлы қарым-қатынастың алғышарты халықаралық құқықтың және мемлекеттердің егеменді құқық нормаларын құрметтеу болып табылады. Халықаралық құқық кез келген қоғам өмірі үшін орасан маңызы бар тарамдана дамыған халықаралық қатынастарды реттейді. Халықаралық қатынастар халықаралық құқықтың нормалардың мазмұнын белгілейді. Халықаралық құқық - бұл мемлекеттер, сондай-ақ халықаралық қатынастарға қатысатын кейбір басқа да құрылымдар арасындағы әртүрлі саяси, экономикалық және өзге де қатынастарды реттейтін құқық саласы.

Жеке зерттеулерді қажет ететін іргелі мәселелерге бәрінен бұрын, халықаралық жүйедегі құқық және халықаралық қатынастар мәселенің орны жатқызылады. Мәселен, халықаралық қатынастарды зерттеушілер, әдетте, халықаралық қатынастарды неғұрлым маңызды және айқындаушы деп айырады, оларды жүйе ретінде қарайды (Г.А.Арбатов, Н.И.Лебедев, Ш.П.Санакоев, Д.Г.Томашевский және т.б.) Халықаралық жүйеге тар мағынасында мыналар кіреді: **біріншіден**, мемлекет және мемлекеттес құрылымдар; **екіншіден**, мемлекеттік құрылым ретінде қалыптасу процесіндегі тәуелсіздік үшін күресіп жатқан халықтар мен ұлттар; **үшіншіден**, халықаралық қатынастар; **төртіншіден**, мемлекеттердің топтасуы; **бесіншіден**, осы элементтер арасындағы байланыс[1].;

Жоғарыда аталып өткендерден басқа, халықаралық жүйеге сондай-ақ халықаралық қатынастарды өз орны бар халықаралық –құқықтық және өзге де әлеуметтік нормалар кіреді. Халықаралық жүйе үшін белгілі бір тұтастық, басқа компоненттерден салстырмалы түрдегі оқшаулық тән. Халықаралық жүйенің өзіне тән ерекшелігі, біріншіден, оның негізгі элементтері-мемлекет-халықаралық жүйенің бір бөлігі болып саналады, екіншіден,-онсыз өмір сүре алады. Сонымен, халықаралық құқықтың дамуы және өмір сүру мәселелерін анықтай отырып, қазіргі халықаралық қатынастардың ерекшеліктерін, халықаралық жүйенің ұғымы мен компоненттерін анықтап алу қажет. Осы айтылғандарды ескерсек, халықаралық қатынастар ұғымы, олардың құқықтық табиғаты туралы жалпы қорытынды шығаруға болады. Халықаралық қатынастар дегеніміз-ол мемлекеттер арасындағы саяси, экономикалық, құқықтық, дипломатиялық, әскери, мәдени, ғылыми, идеология-лық және өзге байланыстардың жүйесі. Халықаралық қатынастар үшін мемлекеттер арасындағы өзара қарым-қатынастарды нығайту және кеңейте түсу, халықаралық ұйымдардың ролін арттыру

бейбітшілік және халықаралық қауіпсіздіктің жаңа проблемаларын шеше білу, ядролық соғысты болдырмау, халықаралық құқықтың беделін көтеру қасиеттеріне тән. Ол ішкі мемлекеттік құқықтың барлық өзге салаларынан елеулі түрде айырылатын құқықтың ерекше жүйесі ғана емес. Халықаралық құқық дегеніміз халықаралық қатынастарды реттейтін және біршама келісілген мемлекеттердің еркін білдіретін келісімдік және әдеттегі нормалар мен принциптер жүйесі болып табылады. Халықаралық құқықты сақтау халықаралық құқық белгіленген шектер мен нысандарда мемлекеттердің жеке және ұжымдық шаралары арқылы жүзеге асырылады[2]. Құқық анықтамасы халықаралық құқыққа да жатады, бір ғана өзгешелігі, әрбір анықтау элементінің халықаралық құқықта өз ерекшелігі бар. Мәселен, халықаралық құқықтың мынадай дәстүрлі белгілері тән: мемлекеттік-еріктік сыйпаттағы құбылыс; заңдық нормалар белгілі бір қоғамдық қатынастарды реттеуді; мәжбүрлеу халықаралық-құқықтық нормаларды сақтауды қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, халықаралық құқық генетикалық жағынан және өзінің мәні бойынша мемлекетпен байланысты екеніне қарамастан, ол жеке мемлекеттің құқығы бола алмайтыны сияқты, мемлекеттен жоғары тұратын құқық та бола алмайды. Ол мемлекеттердің өзара қарым-қатынасын орнататын және қамтамасыз ететін мемлекетаралық құқық болып саналады. Бұл қатынас, әдетте, өзінің таптық табиғаты, саяси сипаты, ішкі құрылысы, аумақтық құрамы, халқының саны жағынан әр түрлі мемлекеттер арасындағы саяси, экономикалық және басқа да қатынастарды қозғайды. Бұл арада халықаралық құқық пәнін халықаралық-құқықтық қатынастан айыра білу қажеттігін айта кетуіміз керек. Халықаралық-құқықтық қатынастар объектісі дегеніміз- ол құқық субъектілері өзара жалпы танылған халықаралық қатынас принциптері мен нормалары негізінде не үшін құқықтық қатынасқа түсетін болса, соның бәрі. Объектілердің үш түрі ажыратылады: аумақ, іс-қимыл, іс-қимылдан тартыну. Мәселен, аумақ, әсіресе әскери сипаттағы мәселелерде, объекті ретінде алға жиі шығады. Іс-қимыл-мемлекеттер арасындағы әр түрлі құқықтық қатынастардағы бейбітшілік мәселесіндегі, өзара көмекті ұғынудағы объекті болып саналады. Бейтараптық мәселелері, соғыс жүргізу заңдары мен әдер-ғұрыптар-объектілердің соңғы түріне жататын объектілер болып есептеледі. Халықаралық құқық объектісі халықаралық құқық принциптері мен нормаларына қайшы келмеуге тиіс. Халықаралық өзара ынтымақтастықтың аясы кеңейген сайын объектілер шеңбері де кеңейе түседі. Мәселен, жер серігі байланысының құқығы, атом қуатын бейбіт мақсатқа пайдалану, ішкіконтинентальдық мемлекеттер мәртебесі секілді осы заманғы бағыттар объектілердің жаңа жүйесін жасайды. Халықаралық құқықтың мемлекеттің ішкі құқығынан құқық нормаларын қамтамасыз ету тәсілі жағынан да айырмашылығы бар. Құқық субъектілерінің еріктерімен келісумен қатар, халықаралық құқық күштеп көндіру шараларында қолданады. Соңғысының жеке дара сипаты да, ұжымдық сипаты да бар.

Халықаралық құқық нормалары мемлекеттер арасындағы келісімдер процесінде ғана қалыптасады. Басқаша айтқанда,

халықаралық құқықтың, құқықтың басқа салалары мен жүйелерінен айырмашылығы, «келісім сипаты» болады. Халықаралық құқықтың негізгі ерекшеліктері осы қысқа тұжырымдаудан азды-көпті байқалып қалуы мүмкін. Мемлекеттің ішкі құқық салаларында субъектілер, яғни құқықтар мен міндет иелері жеке және заңды тұлғалар болып табылады, ал халықаралық құқықта субъектілерге екі топ жатады. I топ- негізгі субъектілер.

а) егеменді мемлекетте;

б) өздерінің тәуелсіздігі үшін күресіп жатқан ұлттар мен халықтар.

II топ- қосалқы топтар.

в) халықаралық ұйымдар;

г) мемлекет-текектес құрылымдар[3]. Соңғы жылдары халықаралық құқықтың дамуы индивидтің халықаралық-құқықтың субъектілігінің теориясы кеңінен қолдау тапты. Халықаралық құқық нормаларының құрылу тәсілі оның елеулі ерекшелігі болып табылады. Мемлекеттің ішкі құқығын мемлекеттің арнайы органдары жасайды және ол ұлттық құқықтың тікелей субъектілерінен жоғары тұрады. Халықаралық процестің негізіне халықаралық құқық нормаларын жасау тәсілі ретінде мемлекеттер еріктілігін келісу теориясы жатады. Халықаралық құқықтың майталманы Г.И.Тункиннің еңбектерінде барынша толық дамытылған бұл теория- теория мен практикадағы ең іргелі зерттеу болып саналады. Бұл теория бойынша, халықаралық құқық нормалары- немесе әдеттегі келісімді болып мемлекеттердің еріктерінің келісуі нәтижесінде пайда болады. Халықаралық құқық нормалары екі, бірнеше көптеген мемлекеттердің еріктілігін келісу жолмен жасалынады. Мұндай келісім нені білдіреді? Мемлекеттің ішкі құқық нормалары жарамды күшінің негізі болып есептелінетін еріктіліктен айырмашылығы-индивидтер- деп жоғары тұрған мемлекеттік еріктілік; халықаралық құқық нормалары жарамды күшінің негізі саналатын келісім- екі, бірнеше немесе көптеген мемлекеттер еріктіліктері келісімінің нәтижесі. Бұл заңдық мәніс. Халықаралық құқық үшін халықаралық ынтымақтастыққа қатысушылар мінез-құлқының неғұрлым маңызды және ортақ ережесі ретіндегі негізгі принциптердің ерекше жүйесіне тән халықаралық құқықтың негізгі принциптері халықаралық қатынастар мен халықаралық құқықтың осы заманғы жүйесінің аса маңызды заңдылықтарын білдіреді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сарсембаев МА. Международное частное право.
2. Международное трудовое право. Алматы: Данекер,
3. Нысанбекова Л.Б. Халықаралық жеке құқық. Алматы: Данекер